

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

АМАНГЕЛДІ ҚҰСАЙЫНОВ



Дос, бауыр ұғымдарында қасиет зор. Жолдас ұғымы жақсы. Өмірде жол көп, жол үстінде жолдастың болғаны қандай ғанибет. Дос, бауырдың жөні басқа. Жолдастың жолдастығы жол үстінде болса, достың достығы әрқашан көңілінде, бауырдың бауырлығы әрқашан бауырында тұрады, қайда да жаныңда, жүрегінде. Жан мен жүректегі достың да, бауырдың да айрықша қасиеті болады. Сол қасиеттен кісінің бауыры мен

жүрегіне күннің шуағы секілді жақсылықтың, ізгіліктің сәулесі тарайды. Адамның өмірінде күннің шуағы секілді жақсылықтың, ізгіліктің сәулесін түсіретін дос, бауыр көп болмайды. Менің өмірімде күннің шуағы секілді жаймашуақ жақсылықтың, ізгіліктің сәулесін түсірген әрі дос, әрі бауыр, аға дос болған тұрлаулы бір тұлға Амангелді Құсайынұлы еді.

1981 жыл. Аспирантураны бітіретін жылым. Аспирантураға дейін университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент болып ұстаздық қызмет атқарғанмын. Ол кезде эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталатын. Университеттің қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінде тұрмын Бөлімше бастығы тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Амангелді Құсайынұлы Құсайыновтың шақыруы бойынша келгем. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз бастығына менің келіп тұрғанымды хабарлады да, ішке кіруіме рұқсат етті.

Амандық-саулық, жөн-жосық сұрасқаннан кейін Амангелді Құсайынұлы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің жаңадан ашылғанын, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың дамуына мемлекет саясатында аса зор мән берілгенін, соған байланысты университет басшылығының бұл салаға ерекше көңіл бөліп, оның дамуына тиісті жағдай жасап отырғанын айтты. Әңгімесін жалғастыра келіп, осы бөлімшеге қолынан іс келетін бір жас маман қажет екенін, сол жас маманның орнына мені лайық көретінін әрі бұл жайды университет басшысымен келісіп қойғанын баяндап шықты.

Бөлімше басшысының түсі игі, үні жайлы, сөзі орнықты, ойы анық. Түсі мен үнінен, сөзі мен ойынан бір нұрлы шуақ төгілгендей болады. Менің аспирантурадан кейінгі еңбек жолым осылай жалғасты. Университеттің қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы жетекші ғалымдарымен, зерттеу тақырыптарының жетекшілерімен тығыз байланыста жұмыс істедік.

Жылдар зулап өте шықты. Заман өзгерді, заманмен бірге адам өзгерді, ел жаңарды. Амангелді Құсайынұлы өмірдің талай сындарынан, өткелдерінен өтті, биіктері мен асуларынан асты. Қайда, қай жағдайда, қандай биікте жүрсе де, Амангелді Құсайынұлы мен үшін сол түсі игі, үні жайлы, сөзі орнықты, ойы анық, түсі мен үнінен, сөзі мен ойынан бір нұрлы шуағын шашыратқан қамқор қалпынан өзгермеді.

Қазақтың қаншама ақындары мен сазгерлерінің арманға толы әндері мен жырлары тербеген Қара Ертістің бойында туып, қилы заманның қыспағына түсіп, балалар үйінде тәрбиеленген, әкесіне халық жауы деген жала жабылған, оның үстіне өзі азамат болған шағында еріксіз Вьетнам соғысына қатысқан жан үшін өмірдің қадірі де, қасиеті де барынша күшейіп, әдеттегіден аса асық болып көрінеді ме деп ойлаймын. Олай ойлайтыным, Амангелді Құсайынұлының анда-санда көңілін бір кіреукелі күй баурағанда айтатын әңгімелерінің сазы мен сарынына байланысты. Бала кез, бозбала шақтың қайсыбір елестері кейде менің алдымнан да жүдеп өтетініне қарамастан, балалар үйіндегі сол бір баланың жаны мен жүрегіне уақыт сызы салған сызаттың уыты тым ащы секілді болып көрінеді...

Уақыт еркелетпеді. Уақытқа өзі де еркелемеді. Балалық өтті. Бозбала кез жетті, жастық шақ келді. Амангелді

Құсайынұлының әл-Фараби атындағы ұлттық университет аудиториясында білім іздеп өткізген жастық шағы мазмұнды да мағыналы, мәнді де нәрлі болды. Оқу семестрлерін аудиториялар мен кітапханалардың оқу залдарында белсенді қоғамдық жұмыстармен ұштастыру, жазғы каникулдарда еңбекке араласу, студенттердің құрылыс отрядтарын басқару... – бәрі де жас жігіттің бойындағы қайнаған қуатты, алға жетектеген ерік-жігерді, ақыл мен ойды кемел арнаға бұрып, жетілдіре, шынықтыра берді. Әділ, адал, өзгелермен тең тіршілік етуге деген құлшыныс, өмірге деген құштарлық үнемі алға асықтырды, қайнаған еңбекке салды. Мұншалық құлшыныс пен ұмтылыс, қажырлы еңбек пен ұйымдастыру, басқару саласындағы жоғары қабілет, ақыры, мәртебесін асырды, мерейін өсірді. Студенттердің құрылыс отрядтарының еңбегін ұйымдастыру мен басқаруда аса зор табыстарға жеткені үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Студенттік күндер осылай гүрілдеп өте шықты. Жас маман арнайы жолдамамен орта мектепке оқытушы болып барды, мұнда да жанын салып еңбек етті. Көп өтпей, Алматы қаласы Совет аудандық партия комитеті аппаратына қызметке ауысты. Одан өзі түлеп ұшқан ұлттық университетке қайта оралды: аспирант, оқытушы, доцент, докторант, профессор, проректор...

Ғалым қай істе де мақсатын анық белгілеп, соған барар жолда алған бетінен қайтпай, қара терін ағызып, қызыл қанын қайнатып еңбек етті. Бірнеше монографиялық зерттеу еңбек, арнаулы курстар, лекциялар, семинарий... инемен құдық қазғандай үзіліссіз, үздіксіз ізденіс үстіндегі қажырлы еңбекті талап еткені сөзсіз. Оқу ісін ұйымдастыру, оның құқықтық-нормативтік негізін нығайту, оқу мен оқытуды, білім беру ісін жаңа технологиялармен қамтамасыз ету, маман даярлап, адам тәрбиелеп шығару бағытындағы не азаймайтын, не таусылмайтын күнделікті ерен еңбек те асыл уақытты, алып қайратты қажет етті. Алайда ұлттық университеттегі мұндай еңбек бекер кетпеді. Ұлы оқу ордасының жасампаз қасиеті оның дамуы, өркендеуі үшін атқарылған еңбектің әр сәтін нәтижелі етті, еңбек иелерінің ерік-жігерін тасытты, өркенін өсірді. Университет ректоры Өмірбек Арыстанұлымен бірге өткізген әр мезет, әр сағаттың өзінде көл-көсір ғибрат жатар еді. Оның қадірін біреу біліп, біреу білмес. Бірақ Амангелді Құсайынұлы үшін ол күндердің үлгі-өнегесі ешуақытта өш-

пек емес. Ұлы мәртебелі Ұлттық университеттің қасиеті де теңдессіз биік. Оның әр аудиториясы, әр бөлмесі, тіпті әр кірпіші ыстық. Талай жерде болды, талай елді көрді, талай жоғары оқу орындарының есігін ашып, төріне шықты. Бірақ Ұлттық университеттен асқан биікті көрмеді, одан асқан тереңді таппады. Одан тараған ақыл-ой қуаты мен ар-ождан, абырой нұрынан асқан жарық көзін де еш жерден кездестіре алмады. Сондықтан ба, елдің қалың ортасындағы қарқарадай бір университеттің ректоры бола жүріп те өзі түлеп ұшқан Ұлттық университеттің аудиториясында қатардағы профессор болып лекция оқуға ынтықты. Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінде ректор болып қызмет атқарған жылдар ғалым өміріндегі жаңа белес болды. Бұған дейін Ұлттық университетте талай сыннан өтіп, тәжірибе жинағанының пайдасын сонда көрді. Облыстағы қарапайым жоғары оқу орнын университет деңгейіне дейін көтеру оңайға түскен жоқ. Білім мен білік, мінез бен талант, тәжірибе мен дағды... – бәрі де тынысын кеңейтіп, қолын ұзартты. Алайда университет қызметінің тиісті салалары бойынша қолайлына жаққандай мамандарды табу қиынға түсті. Тиісті саладағы көмекшілеріне толық билік бергенмен, бәріне басшы, бәріне нұсқаушы болып бар істің ортасында өзі жүруге мәжбүр болды. Әйтсе де көрінген таудың алыстығы болмайтыны секілді, жылдар жемісін бере бастады. Университеттің жаңа оқу ғимараты бой түзеді. Оқу ісі тиісті деңгейге көтеріліп, оқу-әдістемелік тұрғыда жеткілікті түрде негізделді. Оқытушылар құрамы жаңартылды. Жаңа мамандықтар, жаңа факультеттер, жаңа кафедралар ашылды. Шетел жоғары оқу орындарымен байланыс та оң жолға қойылды. Университеттің құрылым-жүйесі толымды сипат тапты. Оқу, тәрбие, ғылым салалары бір мақсат, бір арна аясында тоғысып, университет кешенді құрылымдық тұтастыққа айналды. Университет күн санап өсіп, қуаттанып, күш алып келе жатты... Осы тұста толысқан, кемеліне келген, қайраты тасыған ректорды жұмысы өнбей жатқан Жоғары аттестациялық комиссияға басшы етіп жіберу туралы мәселе көтерілді. Көтерілген мәселе шешілді: Еуразия университетінің ректоры Жоғары аттестациялық комиссияның төрағасы болып тағайындалды. Болған жайды сарапқа салып, оймен шолған басшы жаңа қызметке келгеніне қуанған да жоқ, ескі қызметінен кеткеніне ренжімеді де. Тапсырылған істі тиянақты атқаруды басты

міндет санады. Істің жағдайын жете біліп, тиісті қорытындылар жасады. Жетекші мамандардың кеңесі ескерілді. Атқарылар іс-шаралардың бағыт-бағдары анықталды, нақты жоспары жасалды. Жоғары аттестациялық комиссия Жоғары аттестациялық комитет болып қайта құрылды. Диссертациялық жұмыстарды сараптаудан өткізудің барлық сатыларының міндеттері қайта қаралды. Арнайы сараптаушылар жүйесі белгіленді. Сараптау комиссиялары қайта жасақталды. Коллегия, президиум жаңартылды. Маман кадрлар тобы жаңғырды. Талап күшейді. Сапасыз, ғылыми құндылығының мардымы жоқ немесе «көшірме» диссертациялардың сұрапыл тасқынына қарсы қойылған тосқауыл өз нәтижелерін бере бастады. Сапасыз, «көшірме» диссертациялардың қалың нөпірі бекітілмей, кері қайтарылды. 1997 жылы 6 докторлық, 2 кандидаттық, 1998 жылы 14 докторлық, 22 кандидаттық диссертация бойынша теріс шешім қабылданған болса, 1999-2000 жылдары 27 докторлық, 54 кандидаттық диссертация сараптау талаптарын қанағаттандыра алмады. 2001 жылы 18 докторлық, 41 кандидаттық диссертация бекітілмеді. Кейінгі жылда бұл сан өсе түсті. 2002 жылдың жүзінде алпыстан астам докторлық, жүзден астам кандидаттық диссертациялар «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына жауап бере алмағандықтан, кері қайтарылды. Мұндай көрсеткіш Қазақстан ЖАК жүйесінде бұрын-соңды болмаған еді.

Әуелде арызданушылар да, қысым жасаушылар да, қорқытушылар да болмай қалған жоқ. Сараптау жұмысындағы саралық, төрағаның басқару өнеріндегі даралық шынайы ғылыми еңбек үшін қолдаушы, қостаушы күшке, мызғымас берік қорғанға айналды. Өз жұмысының дәрежесіне көз жеткізген ізденушілер ЖАК шешімін мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп, қоғамда сапасыз жұмыстың ЖАК сараптауынан өтпейтіні туралы ұғым қалыптаса бастады. Мұның өзі жаңа төраға қол жеткізген үлкен табыс еді. ЖАК төрағасы қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, белгіленген іс-шаралар бағдарламасының келесі кезеңі міндеттерін жүзеге асыруға асықты. Диссертациялық кеңес туралы қолданыстағы ереже талаптары бойынша әрбір маман екі диссертациялық кеңес құрамында мүше бола алатын. Ал ЖАК қызметкерлері, төралқа мен сараптау кеңесі мүшелерінің диссертациялық кеңес құрамындағы саны үштен аспауға тиіс еді. Бұл

баптардың талаптары да жоғары екені анық-ты. Бірақ талап деңгейі ЖАК төрағасын қанағаттандыра алмады. Бұл негізсіз емес еді. Өйткені екі диссертациялық кеңеске мүше болған маман айына төрт диссертацияны, төрт авторефератты сараптан өткізіп, бағалауы және екі диссертациялық кеңестің екі мәжілісіне қатысуы шарт болатын. Бұл шартты ойдағыдай орындауға мамандардың қабілеті жеткенмен, мүмкіншіліктері шектеулі, уақыттары жоққа тән еді. Мұның өзі кеңес мүшелерін қорғауға ұсынылып, қорғалып жататын диссертацияларды оқымай-ақ бағалауға мәжбүр етті. Диссертациялық кеңес мүшелерінің қайсыбіреулері мәжіліс үстінде диссертациялық жұмысты оқымағанын, бірақ диссертанттың ізденіп отырған ғылыми дәрежені алуға лайықты екенін ашықтан-ашық айтуы әдеттегідей қабылданатын жағдай қалыптасқаны анықталды. Сондай-ақ мұндай жай бір диссертациялық кеңеске емес, бар кеңеске бірдей ортақ сипатқа айналғаны белгілі болды. Бұл бір өте қолайсыз нәрсе еді.

Ғылымды ар-ождан айнасы, ерен еңбектің үлгісі секілді ардақтап өстік. Ал ғалымды ар-ождан айнасындай биік адамгершілік қасиеттің иесі, ерен еңбекқорлықтың үлгісін көрсетуші қаһармандық тұлға ретінде құрметтедік. Ғылым мен ғалымға тән осы қасиеттерді, ғылым мен ғалым туралы осы ұғымды сақтау мен қорғау, қолдау мен қостау ЖАК-тың және оның төрағасының ғана емес, барша зиялы қауымның жауапкершілігіндегі мемлекеттік іс екенінде сөз бар ма?! Әйтсе де бұл кезде жауапкершілік салмағының ауырлығы мен ауыртпалығы ЖАК-қа, оның төрағасының иығына түсіп тұрған еді. ЖАК төрағасы диссертациялық кеңестер жұмысындағы мұндай тәжірибені түп-тамырымен жоюға күш салды. «Диссертациялық кеңес туралы ереже» талаптарына толықтырулар енгізуді көздеген концептуалдық тұжырымдар жүйесін негіздеді, оны ғылыми қауымның, мамандардың талқысына, Республиканың Білім және ғылым министрлігінің бағалауына ұсынды. Осылайша, тиісті маманның бір ғана диссертациялық кеңеске мүше болуы, диссертациялық кеңестерді олардағы мамандықтар санын арттыру арқылы ірілендіру туралы концептуалдық тұжырым ғылыми көпшіліктің тарапынан қолдау тапты. 2002 жылы 1 маусымда Алматы қаласында «Жоғары білікті ғылыми және ғылыми педагогикалық мамандарды даярлау мен аттестаттаудағы ЖАК-тың рөлі» деген тақырыпта өткен халықаралық конференция бұл бағыттағы өзекті

ойлар жүйесін жоғары бағалады, мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары жаңа тұжырымдар негізделді, ұсыныстар қабылданды. Соған сәйкес маңызды деген бірқатар іс бірінші кезекте атқарылды. Мақұлданған, қажеттілігі, көкейкестілігі анықталған, нәтижелерінің маңызы жеткілікті негізделген мәселелерді атқаруға келгенде төраға жан-жағына жалтандамай, бірден іске кірісетін кесімді де шешімді қалпын тапты. ЖАК қызметі үшін инновациялық кеңістік жасау ауадай қажет болды. Аттестациялау жүйесінің барлық саласын ақпараттандыруға ірі бетбұрыс жасау күнделікті қызметтің басты бір бағытына айналды. Аттестациялаудың барлық жүйесін нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз ету жолында қыруар еңбек атқарылды. Ғылыми мамандықтардың жаңа номенклатурасы өндіріске енгізілді. Сараптау жүргізудің жаңа технологиясы жасалды. Аттестациялау жүйесіндегі үш сатының әрқайсысының міндеттері мен құқықтары нақтыланды, жауапкершіліктері күшейтілді. Жариялылыққа кең жол ашылды. Аттестациялаудың барлық сатылары мен бунақтарының жұмысын жариялылық пен демократиялық жағдайында жүргізуге қол жетті, сараптау мен бағалау ісіне тиісті ғылым саласындағы басты, жетекші мамандар кеңінен тартылды. Диссертацияларға қойылатын талаптар жетілдіріліп, нақты да затты сипат алды. Өзге елдердің аттестациялау органдарымен байланыс, ынтымақтастық, өзара ақпарат алмасу жоғары деңгейге көтерілді.

ЖАК қайта құрылып, Астанаға көшкенде Амангелді Құсайынұлы Қазақ білім академиясының президенті болып тағайындалды. Академия өз дамуының жаңа сатысына аяқ басты. Жаңа сатыға асар аралықта атқарылатын істер де, міндеттер де үлкен жауапкершілікті, мәдени-әлеуметтік тиянақтылық пен тереңдікті, тегеурінді, ал, ең бастысы, жақсы мінез бен жайсаң талантты талап етеді. Президент Академия арқылы өтетін ғылыми зерттеулердің елдің әлауқатының, мәдени-әлеуметтік жағдайының жақсаруына қызмет ететіндей маңызы болуын, Академия қызметкерлерінің ғалым, маман ғана болып қоймай, нағыз адам, шын мәніндегі жақсы адам болып қалыптасуын тіледі.

Амангелді Құсайынұлының өмірде жақсы адамдардың көптігіне сенімі мол. Өмір бойы өзін де жақсы адамдар қоршап, қолдап келе жатқанына шүкірлік етеді. Өмірдегі аумалы-төкпелі жағдайлардың өзінде де жақсылықтан үміт үзуге бола ма... Амангелді Құсайынұлы қандай қысыл-

таянда, қандай ауыр шақта да, жаманнан түңілсе де, жақсылықтан күдер үзбегенін, адамнан жақсылық іздегенін, адамдарға жақсылық жасауға ұмтылғанын медет етеді. Әр адамның өмірінде ерекше қызметі сіңген азаматтар болатыны бұлтартпас шындық екенін әркімнің-ақ батылы барып айта алуы жетуі мүмкін. Ал мұны жеке өз өмірінің шындықтары негізінде көрсетуге елдің бәрінің күш-жігері жете бермейді. Жақсының жақсылығын айтуға жақсы ғана жарайды. Жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытатын да жақсылар. Бұл ретте Амангелді Құсайынұлы өз өмірінде өшпес өнегесі қалған екі ірі қайраткердің атын үлкен құрмет сезімімен атайды. Өз ойының түсінікті болуы үшін ғалым көне орыс әдебиеті мен мәдениетінің теңдесі жоқ білгірі академик Д.С. Лихачевтың ғылымға келу жолына назар аударды. Д.С. Лихачевты ғылымға академик А.С. Орлов алып келген екен. Алып келгенде, ары-бері ырғап, ырғалып жатпай, қолынан жетектеп, өзі басқаратын бөлімдегі жұмыс орнына өзі отырғызыпты. Жас Д.С. Лихачевтың қабілетін, мүмкіншілігін таныған А.С. Орлов осындай айдай анық іс жасайды. Ақыл-ойдың асқан алыбы әл-Фарабиден бастап кешегі өткен Өмірбек Арыстанұлы мен Манаш Қозыбаевқа дейінгі толып жатқан ғұламалардың тағдырында осындай бір сәулелі сәттер болғанға ұқсайды. Амангелді Құсайынұлының өмірінде мұндай ерен іс атқарып, қол ұшын берген осы екі ғұлама болды: академик Манаш Қозыбаев пен академик Өмірбек Жолдасбеков. «Бұл екі азаматтың менің өмірімдегі орны үлкен, – дейді ғалым. – Әкем жасай алмаған жақсылықты осы екі азамат жасады. Туған-туысқандарым көрсете алмаған қамқорлықты осы екі кісі көрсетті. Бүгінде бір жаны таза адал кісіге жақсылық жасай алсам, қазақ халқының осы екі ұлы перзенті алдындағы қарызым мен парызымды еске алам...

Марқұм Манаш Қозыбайұлы: «Өзінді билеу – мінез», – деуші еді. Ал Өмірбек Арыстанұлы осы ойды тереңдете түсіп: «Өзінді билеу – мінез. Ал өзгелерді билеу – талант. Мінез бен талант – адамның екі қанаты. Оларсыз ұша да алмайсың, қона да алмайсың, тіпті отыра да алмайсың», – дейтін. Бұл сөздердің мәні мен мәнісі мен үшін енді ашыла бастағандай».

Иә, бұл сөздің тереңдігінде түп жоқ сияқты. Ойына түскен сайын, ойша қайталаған сайын, одан жаңа мағына, жаңа мазмұн табады. Қанатты адамның бірден-бір келісті үлгісі

болып Өмекеннің өз тұлғасы елестейді. Іште бір үн: «Өмірбек Арыстанұлы, Манаш Қозыбайұлы секілді қыран қанатты қайраткерлер қоғамымыздың, заманымыздың абыройының белгісіндей болып қала береді», – дейді. Осы үнді естімесем де, ғалымның қасы мен қабағынан осы ойды оқыдым. Бұл бір аса ғибратты, тағылымы бай, танымы терең оқу еді.

Амангелді Құсайынұлы бірде өзі түлеп ұшқан Ұлттық университеттің тарихы мен қазіргі ахуалы, заман талабына лайықты биік мақсаттары мен алда істелер ірі істері туралы толғанды. Университет жайлы, оның оқытушы-профессорлар құрамы туралы құрметке толы әңгімесін ғалым мынадай етіп түйді:

«Ұлттық университет туралы ойлар да, толғаныстар да аз емес. Ал шын мәніндегі қанатты ойлар қатарында қадірменді ағамыз, академик-жазушы, ғалым-ұстаз Зейнолла Қабдолов айтқан мына сөз ерекше еске алуға лайықты: «Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты». Жақсы айтылған. Бірақ Зекеңнің бұл сөзі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ғана арналып айтылған ғой. Мен өзім осылай ойлаймын. Басқа университеттер де «адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты» сияқты болса, нұр үстіне нұр. Бірақ олар туралы мұндай сөзді айтуға әзірге ешкімнің батылы жете қоймас. Мұндай үлкен сөзді мен өзім бұрын ректоры болған Еуразия университеті туралы да, қазір президенті болып отырған Академия туралы да айта алмаймын. Ұлттық университеттің, Қазақ ұлттық университетінің, біздің өміріміздегі маңызы мен мәнін мөлшерлейтін өлшем жоқ. Оның жарығы – күннің көзінен жарық. Оның байлығы дүниенің байлығынан артық».

Ұлттық университет дегенде менің көңілімнің төрінде ұлттық университеттің оқытушы-профессорлар құрамы, қайраткер ғалымдары мен ұлағатты ұстаздары тұрады. Прометей оты дегеніміздің өзі солардың ғылымы мен ілімінен, танымы мен тағылымынан, өнегесінен таралып жатқан нұрдың жарығы сияқты көрінеді. Ұлттық университеттің жан-жағына жарығын түсіріп, нұрын шашқан қайраткер ғалымдары мен ұлағатты ұстаздарының қатарында ардақты дос ағам, асыл бауырым, құрметті Амангелді Құсайынұлы Құсайыновтың тұрғанына сүйінген

едім.

Өмір туралы, өмірден өткен ұлы тұлғалар туралы, Ұлы мәртебелі Ұлттық университет туралы ағынан жарылып сөйлеп, ойланып тұрған жақсының көзіндей осы бір өзім шын құрметтейтін қайраткер жанның жанарынан сонда ерекше сабыр нұрын көрдім. Ыстық та емес, суық та емес. Тоқтаған, толысқан, кемеліне келген ақылдың нұры. Зекең айтатын Прометей оты. Мөлдіреп маздайды.

Амангелді Құсайынұлының осы қалпы менің есімде сақталып қалды. Өзі дүниеден өтті. Артында өмірде жасаған жақсы істері, жақсы сөздері, жақсы бейнесі, Прометей отындай ақыл нұры қалды. Артында жақсы істері, жақсы сөздері, жақсы бейнесі, ақыл нұры қалған адам өлмегенмен тең.

Амангелді Құсайынұлының дүниеге келгеніне 80 жыл толуына орай марқұмның отбасына, бала-шағасына, немерелеріне, туған-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілеймін.

Соңы қаралған уақыты:
07.02.2024